

Вебинар тақырыбы: Қазақстандағы өнімді бағыттағы жылқылар және олардың ерекшеліктері



22.08.2025

ҚМШЖЖШӨҒЗИ

«ҚазМШЖЖӨҒЗИ» ЖШС Басқарма Төрағасының
ҒЫЛЫМ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Эксперт

Карымсаков Т.Н.

Нурмаханбетов Д.М.

Мақсат - Асылдандыру жұмыстарын дұрыс жолға қою арқылы жылқылардың тұқымдық және өнімділік сапасын жақсарту.

Тапсырмалар:

1. Шаруа қожалықтарындағы жылқыларды бағалау үшін чиптері немесе таңбасы, дәліз-өткел, таразы болуы керек
2. Бағаланған жылқыларды сұрыптай отырып, оларға жұптау жұмыстары тағайындалуын қадағалау
3. Шаруашылықтардағы бағаланған аналық басқа тұқымдылығы мен өнімділігі жоғары аталық ізден тараған айғырларды қолдану
4. Гендік қорды сақтай отырып, мал басын көбейту

Фермерлер үшін практикалық құндылық:

Жылқы малынан өндірілетін өнім сапасына ерекше мән беру

Қазіргі жағдай

ТЕЗИС	ДЕТАЛИ
<p>Қазақстанда жалпы жылқы саны 4 млн 200 000 бас, оның 1 пайызы ғана асыл тұқымды жылқылар</p>	<p>Асыл тұқымды мал санының мұндай төменгі көрсеткіштерінің болуы, біріншіден мамандардың жетіспеушілігі, екіншіден асылдандыру жұмыстарына шаруашылық басшыларының көңіл бөлмеуінде үшіншіден, ғалымдар мен шаруашылық басшыларының бір-бірімен байланыстарының жоқтығы.</p>
<p>Өнімді бағыттағы жылқылар: Көшім, Мұғалжар тұқымы, Жабы типті қазақ жылқысы және Адай тұқымы ішіндегі Маңғыстау өнімді типі</p>	<p>Жылқы шаруашылығы саласы бойынша жылқы санының 60 пайызы азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтарында, ал 40 пайызы шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарда өсіріледі. Азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтарындағы жылқыларға асылдандыру жұмыстары жүргізілмейді, сондықтан ондағы жылқылардың тұқымдық және өнімділік сапалары төмен.</p>
<p>Қазіргі уақытта жылқы етіне сұраныс көбейіп келеді. Статистика агентігінің көрсеткіштер мәліметі бойынша, республикамызда әр жан басы ет және ет өнімдерін тұтыну нормасы 78 кг болуы керек.</p>	<p>Қазіргі кезде жылқы еті мен бие сүті, қымызына сұраныс өте жоғары. 2024 жылы 81109 тонна жылқы еті сойылғаны немесе өткізілгені. Адам басына шағатын болсақ бір адам жылқы етін жылына 4,6кг, ал тұтыну нормасы 15кг болуы керек. Елімізде ет өнімін өткізетін өнеркәсіптер жоқтың қасы, ет өнімін өндейтін кәсіпорындар әр облыс, аудандарда болса дейміз. Шаруа қожалықтары өз өнімдерін өткізе алмайды, тек делдалдар арқылы өткізуге мәжбүр.</p>

Фермерлер үшін ұсыныстар

1. Шаруашылықтардағы жылқыларға зоотехникалық есеп жүргізуді дұрыс жолға қою
2. Ғалымдармен бірлесе отырып асылдандыру жұмыстарын жүргізу
3. Нұсқаулықтағы ережелерге сәйкес бонитировканы жүргізу және бағалау
4. Бағаланған нәтиже бойынша сұрыптау мен жұптау жұмыстарын атқару
5. Құнды тұқымдық аталықты ұтымды пайдалана білу және тұқыммен жұмыс жүргізу жоспарын жасау
6. Шаруашылықтағы жылқының тұқымдық құрылымына ерекше көңіл бөлу
7. Тұқымдық аталықтарды ұрпағының сапасы бойынша бағалау
8. Тұқымдылығы мен өнімділігі жоғары жылқылардан типтер мен аталық іздерді қалыптастыру

	Ауыл шаруашылығы құрылымдары			Оның ішінде						Жұртшылық шаруашылықтары			Шаруашылықтардың барлық санаттары		
				ауыл шаруашылығы кәсіпорындары			дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары								
	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен
Қазақстан Республикасы	2 817 035	2 612 136	107,8	412 701	379 989	108,6	2 404 334	2 232 147	107,7	1 784 661	1 701 520	104,9	4 601 696	4 313 656	106,7
Абай	311 969	290 093	107,5	20 496	17 912	114,4	291 473	272 181	107,1	119 757	110 912	108,0	431 726	401 005	107,7
Ақмола	155 610	152 325	102,2	81 545	77 990	104,6	74 065	74 335	99,6	115 579	113 598	101,7	271 189	265 923	102,0
Ақтөбе	303 197	269 382	112,6	34 089	33 122	102,9	269 108	236 260	113,9	70 686	59 715	118,4	373 883	329 097	113,6
Алматы	148 123	142 605	103,9	22 754	20 144	113,0	125 369	122 461	102,4	99 472	93 469	106,4	247 595	236 074	104,9
Атырау	91 848	81 105	113,2	2 279	2 295	99,3	89 569	78 810	113,7	61 520	55 180	111,5	153 368	136 285	112,5
Батыс Қазақстан	249 027	233 012	106,9	20 373	19 092	106,7	228 654	213 920	106,9	71 759	67 697	106,0	320 786	300 709	106,7
Жамбыл	94 471	87 878	107,5	3 343	3 339	100,1	91 128	84 539	107,8	101 044	97 025	104,1	195 515	184 903	105,7
Жетісу	139 956	134 845	103,8	18 864	21 229	88,9	121 092	113 616	106,6	85 423	77 577	110,1	225 379	212 422	106,1
Қарағанды	275 148	258 942	106,3	38 877	35 268	110,2	236 271	223 674	105,6	120 299	119 878	100,4	395 447	378 820	104,4
Қостанай	107 088	99 713	107,4	34 645	33 152	104,5	72 443	66 561	108,8	66 868	63 903	104,6	173 956	163 616	106,3
Қызылорда	132 777	123 666	107,4	6 603	6 795	97,2	126 174	116 871	108,0	137 887	123 044	112,1	270 664	246 710	109,7
Маңғыстау	79 387	71 948	110,3	2 904	1 449	200,4	76 483	70 499	108,5	54 091	55 670	97,2	133 478	127 618	104,6
Павлодар	207 096	189 948	109,0	39 431	32 200	122,5	167 665	157 748	106,3	98 318	105 149	93,5	305 414	295 097	103,5
Солтүстік Қазақстан	70 866	65 233	108,6	28 410	25 508	111,4	42 456	39 725	106,9	71 553	69 429	103,1	142 419	134 662	105,8
Түркістан	157 460	142 206	110,7	37 444	32 504	115,2	120 016	109 702	109,4	342 640	332 496	103,1	500 100	474 702	105,4
Ұлытау	141 895	132 035	107,5	5 037	3 759	134,0	136 858	128 276	106,7	49 229	43 107	114,2	191 124	175 142	109,1
Шығыс Қазақстан	149 449	135 640	110,2	15 185	13 872	109,5	134 264	121 768	110,3	97 797	93 348	104,8	247 246	228 988	108,0
Астана қаласы	6	18	33,3	6	18	33,3	-	-	-	389	276	140,9	395	294	134,4
Алматы қаласы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1 211	1 533	79,0	1 211	1 533	79,0
Шымкент қаласы	1 662	1 542	107,8	416	341	122,0	1 246	1201	103,7	19 139	18 514	103,4	20 801	20 056	103,7

	Құлындар					Боталар				
	барлығы			100 аналыққа есептегендегі		барлығы			100 аналыққа есептегендегі	
	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл
Қазақстан Республикасы	1 037 954	961 466	108,0	46	46	52 972	49 601	106,8	33	31
Абай	140 779	120 466	116,9	68	63	39	36	108,3	18	15
Ақмола	61 015	57 324	106,4	46	43	9	13	69,2	8	11
Ақтөбе	58 344	59 052	98,8	27	32	3 414	3 550	96,2	23	29
Алматы	62 331	37 728	165,2	55	33	1 962	1 327	147,9	47	34
Атырау	24 782	20 390	121,5	31	28	9 736	7 777	125,2	41	37
Батыс Қазақстан	84 580	84 077	100,6	49	56	472	444	106,3	32	34
Жамбыл	38 977	31 127	125,2	50	44	1 489	1 369	108,8	41	43
Жетісу	34 752	44 842	77,5	37	47	140	297	47,1	14	31
Қарағанды	127 008	118 864	106,9	73	74	368	331	111,2	62	57
Қостанай	31 893	31 326	101,8	52	51	21	19	110,5	55	46
Қызылорда	37 704	35 972	104,8	33	33	10 036	10 361	96,9	36	35
Маңғыстау	37 618	37 986	99,0	42	38	18 715	18 053	103,7	30	28
Павлодар	86 187	74 864	115,1	55	55	38	3	1266,7	47	4
Солтүстік Қазақстан	55 783	55 401	100,7	68	69	-	-	-	-	-
Түркістан	82 558	76 243	108,3	34	34	6 499	5 963	109,0	30	29
Ұлытау	19 033	18 085	105,2	19	20	-	38	-	-	32
Шығыс Қазақстан	53 964	57 111	94,5	46	50	34	20	170	21	13
Астана қаласы	-	2	-	-	2	-	-	-	-	-
Алматы қаласы	156	233	67,0	38	37	-	-	-	-	-
Шымкент қаласы	490	373	131,4	3	5	-	-	-	-	-

Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (сойыс салмақта)

	Мал мен құстың барлық түрлері	Оның ішінде						
		ірі қара мал	қой	ешкі	шошқа	жылқы	түйе	құс
Қазақстан Республикасы	608.853,2	205.696,6	63.817,2	6.804,2	29.283,9	81.177,3	4.194,0	217.880,1
Абай	40.847,3	11.862,0	5.527,4	504,5	377,6	11.987,8	5,5	10.582,4
Ақмола	83.954,3	13.514,1	2.495,0	110,7	2.356,3	4.471,6	-	61.006,7
Ақтөбе	31.049,4	19.060,5	4.391,0	543,7	376,5	5.947,9	550,1	179,8
Алматы	97.122,3	19.992,4	5.523,4	119,3	322,2	4.791,4	87,4	66.286,2
Атырау	13.882,0	5.839,1	3.059,0	693,3	-	2.795,9	1.494,7	-
Батыс Қазақстан	29.780,2	15.694,0	3.496,2	671,9	942,5	3.565,4	46,7	5.363,6
Жамбыл	37.338,1	12.672,2	8.286,8	583,5	170,0	4.848,5	145,7	10.631,4
Жетісу	24.876,7	14.084,2	4.728,5	397,4	1.099,9	3.975,5	14,7	576,5
Қарағанды	29.027,1	10.356,8	2.209,7	723,8	4.431,9	5.724,9	13,5	5.566,5
Қостанай	23.275,0	11.896,8	1.253,2	50,7	1.529,5	1.972,9	-	6.571,9
Қызылорда	10.542,7	5.007,9	1.140,7	427,4	62,2	3.182,3	694,4	27,8
Маңғыстау	6.453,0	528,4	407,7	156,2	-	640,6	849,9	3.870,1
Павлодар	31.287,7	11.578,0	2.067,4	239,2	7.433,8	7.160,6	-	2.808,8
Солтүстік Қазақстан	25.342,0	8.387,7	1.296,9	20,0	8.695,7	3.378,4	-	3.563,4
Түркістан	57.380,8	29.910,1	13.558,0	603,5	4,4	8.829,7	288,8	4.186,2
Ұлытау	7.005,7	2.073,5	1.233,1	304,5	8,4	3.379,6	-	6,7
Шығыс Қазақстан	57.236,1	11.329,3	2.833,6	650,6	1.463,4	4.325,1	2,5	36.631,7
Астана қаласы	19,9	7,9	2,9	0,5	-	8,6	-	0,0
Алматы қаласы	57,3	47,2	4,0	1,8	1,6	2,0	-	0,7
Шымкент қаласы	2.375,5	1.854,5	302,9	1,6	8,0	188,8	-	19,8

Малдың өлім-жітімі

	Жылқы			Түйе		
	барлығы			барлығы		
	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл 2024 жылға пайызбен
Қазақстан Республикасы	2 796	8 099	34,5	251	371	67,7
Абай	84	98	85,7	-	-	-
Ақмола	670	1 240	54,0	-	-	-
Ақтөбе	269	1 892	14,2	-	5	-
Алматы	270	369	73,2	84	16	525,0
Атырау	31	220	14,1	137	167	82,0
Батыс Қазақстан	91	178	51,1	-	-	-
Жамбыл	18	16	112,5	-	-	-
Жетісу	248	197	125,9	6	10	60
Қарағанды	291	725	40,1	-	-	-
Қостанай	279	1 580	17,7	-	2	-
Қызылорда	17	3	566,7	1	-	-
Маңғыстау	13	247	5,3	10	153	6,5
Павлодар	125	143	87,4	-	-	-
Солтүстік Қазақстан	148	404	36,6	-	-	-
Түркістан	12	29	41,4	13	17	76,5
Ұлытау	149	640	23,3	-	1	-
Шығыс Қазақстан	81	117	69,2	-	-	-
Астана қаласы	-	1	-	-	-	-

Өнімді бағыттағы отандық жылқылар

Қазақстандағы өсірілетін өнімді бағыттағы жылқылар тұқымдары: Көшім, Мұғалжар, жабы типі және 2023 жылдың декабрь айында тұқым ретінде танылған Адай жылқысы. Аталған тұқымды жылқылардың бір-бірінен дене бітімдерімен, салмағының әр түрлілігімен, еттілігімен, ет шығымымен, қабырғаларындағы қазылығымен ерекшеленеді. Осы аталған тұқымдардан өнім өндіру үшін тұқымдар құрылымында ең көп үлесті – республикадағы жалпы санның 40%-ын жабы типті қазақ жылқылары құрайды. **Жабы жылқысына** сипаттама берсек, басы дәу, жал құйрығы қалың, денесі шымыр, тұрқы ұзын, қарны жуан, мойны мен аяқтары қысқа, тез ет алғыш, арымайтын, ыстық, суыққа, аштыққа төзімді жылқы. Жабы жылқысы жайылымда жақсы семіреді. Жайылымда семірітілген жабы жылқыларын сойған кезде ет шығымы 53-57%, кейде 60 %-ды ет пен май құрайды. Оларды сойғанда бір ет бір май болып келеді. Тек бір жайылымда 2,5 жасында олар 360-380 кг тірілей салмаққа жетеді, бұл олардың ет үшін жоғары рентабельділігін қамтамасыз етеді. Ал биелерінен тәулігіне 18-20 литрге дейін сүт алуға болады. Жыл бойы тебіндік жайылымға бейімделген мал. Жабы типті қазақ жылқысы етті бағыттағы Қаба типі, Мұғалжар, Көшім, Қостанай тұқымдарын шығаруға бастапқы материал ретінде қызмет етті. Бүгінгі күнге дейін жабы типті жылқылардан 1 Селеті зауыттық типі 3 аталық іздермен Браслет, Задорный, Памир Павлодар облысында және 1 Зымыран 101-76 зауыттық аталық ізі Жаңаарқа ауданы Қарағанды облысында қалыптастырылды.

Селеті зауыттық типті айғырларының орташа тірілей салмақтары 471кг, ал биелерінікі-447кг. Браслет аталық ізді айғырларының 5,5 жастағы орташа дене бітімдер мен тірілей салмақтары: 145-151-184-19,5-470кг; ал биелерінікі-143-149-182-18,5-450кг. Задорный аталық ізді айғырларының 5,5 жастағы орташа дене бітімдер мен тірілей салмақтары: 145-151-187-19,5-480кг; ал биелерінікі-143-150-184-18,5-460кг. Памир аталық ізді айғырларының 5,5 жастағы орташа дене бітімдер мен тірілей салмақтары: 144-150-181-19,0-460кг; ал биелерінікі-142-148-178-18,5-435кг.

Кестеде қазақтың жабы типті жылқысының I кластық стандартымен селеті зауыттық тип жылқыларын салыстырғандағы орташа өнімдік көрсеткіштері келтірілген.

Көрсеткіштер	Айғырлар			Биелер		
	стандарт	$X \pm m_x$ (n=56)	қоры- тынды ±	стандарт	$X \pm m_x$ (n=1035)	қоры- тынды ±
Шоқтық биіктігі, см	143,0	145,2±0,49	+2,2	140	143,2±0,38	+3,2
Тұрқының қиғаш ұзындығы, см	148,0	151,5±0,54	+3,5	146	148,9±0,46	+2,9
Кеуде орамы, см	177,0	184,3±0,65	+7,3	175	179,3±0,48	+4,3
Жіліншік орамы, см	19,0	19,5±0,02	+0,5	18,5	18,7±0,09	+0,2
Тірілей салмағы, кг	430,0	50,37±2,62	+73,7	410	441,4±3,01	+31,4
Индекстері, %						
Тұрқы сипаты	103,5	104,3	+0,8	104,3	104,0	-0,3
Кеуделілігі	123,8	126,9	+3,1	125,0	125,2	+0,2
Сүйектілігі	13,4	13,4	-	13,2	13,1	-0,1
Жұмырлылығы индексі	147,3	164,6	+17,3	149,6	150,1	+0,5

Браслет 13-74 аталық ізі. Аталық іздің арғы атасы Браслет 13-74 жирен айғыры 1974 жылы туған, Павлодар облысы Ертіс ауданы Селеті совхозында өсірілген. Ол 1969 жылы Ақтөбе облысындағы Мұғалжар жылқы зауытынан әкелінген Бампер 175-68 (Барқыт 115-57-жирен. 98-63) айғырынан тараған, ал шешесі 44-70 қазақы бие. Браслет 13-74 аталық ізінен тараған жалғастырушы 3 баласы, 8 немересі, 7 шөбересі, 7 шөпшегі бар.

Браслет аталық ізді жылқыларына сипаттама берсек: басы үлкен, мойны қысқа бұлшық етті, арқасы түзу, жалпақ жаялы, ұзын және жұмыр денелі, аяқтары сүйекті, тұяқтары күшті және төзімді болып келеді. Барлық Браслет 13-74 аталық ізді жылқылары жыл бойы тебіндік жайылымға бағу жағдайларына жақсы бейімделген. Олардың қондылығы жылдың барлық мезгілінде жоғары. Айғырлары жоғары күш қуаттылығымен ерекшеленіп, олардан биелердің буаздығы 90–95% құрайды. Браслет аталық ізді айғырларының 5,5 жастағы орташа дене бітімдер мен тірілей салмақтары: 145-151-184-19,5-470кг; ал биелерінікі-143-149-182-18,5-450кг.

Задорный 51-76 аталық ізі. Аталық іздің арғы тегі Задорный 51, 1976 жылы туған күрең айғыр, дене бітімі мен алынған ұрпағының сапасымен ерекшеленеді, Селеті шаруа қожалығында кеңінен қолданылған, әкесі Залив 101-66 айғыры (Зубр 46-59 - күрең 72-60), 2 жасар кезінде Ақтөбе облысының Мұғалжар жылқы зауытынан сатып алынған. Залив айғыры 4 жасынан бастап Селеті шаруа қожалығындағы қазақы биелерге пайдаланылды. Задорныйдың анасы 24-69, 1969 жылы туған түсі қызыл-жирен қазақы бие, оның бойы аласа 138 см, бірақ дене бітімі үлкен, кеуде орамы 181 см. Задорный анасының бойындағы үлкен дене бітімі мен тұрқының ұзындығы қасиеттілігін мұра етті. Оның өлшемдері 144-151-181-19,5 см, тірілей салмағы 450 кг. Задорный аталық ізді жылқылары жалпы үйлесімді конституциямен, тұрқының ұзындығымен, мойны қысқа бұлшық еттілігімен, денесінің шымырлығы және жұмырлығымен сипатталады.

Задорный зауыттық аталық ізі Забой 123-88 немересі арқылы, 5 шөбересі, 5 шөпшегі және 7 неменесімен дамып келеді. Аталық із Зигзаг 167-95, Зачет 49–95, Завиток 125–97, Запуск 81–97 және Залп 13–98 шөбере айғырлары арқылы алынған ұрпақтарымен өсіріліп көбеюде.

Браслет 13-74 аталық ізінің дене өлшемдері мен тірілей салмағы

Көрсеткіштері	Айғырлар (n=9)		Биелер (n=53)	
	М ± m	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)	М ± m	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)
Шоқтығының биіктігі, см	145,1±0,19	143	143,6±0,23	141
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	151,7±0,27	148	149,3±0,42	147
Кеуде орамы, см	184,9±0,37	177	182,1±0,51	176
Жіліншік орамы, см	19,7±0,08	19	18,5±0,15	18
Тірілей салмағы, кг	471,0±1,69	430	453,8±4,37	415
Индекстері, %	154,4	147,3	153,3	148,2

Задорный 51-76 аталық ізді ересек айғырлар және биелердің дене өлшемдері мен тірілей салмақтары

Көрсеткіштері	Айғырлар (n=8)		Биелер (n=50)	
	М ± m	I классты жабы жылқылары-ның стандарты (1988 ж.)	М ± m	I классты жабы жылқылары-ның стандарты (1988 ж.)
Шоқтығының биіктігі, см	144,9 ± 0,29	143	143,2 ± 0,37	141
Денесінің ұзындығы, см	151,2 ± 0,41	148	150,4 ± 0,46	147
Қиғаш кеуде орамы, см	187,7 ± 0,41	177	184,7 ± 0,49	176
Жіліншік орамы, см	19,7 ± 0,09	19	18,7 ± 0,13	18
Тірілей салмағы, кг	484,9 ± 2,43	430	463,6 ± 3,77	415
Жұмырлылығы индексі, %	159,5	147,3	157,7	148,2

Памир 127-78 аталық ізі. Аталық іздің арғы атасы 1978 жылы туған Памир 127-78 айғыры, ол 1,5 жасында Ақтөбе облысындағы Мұғалжар жылқы зауытынан алған Прибой 73-67 (Предмет 102-60 - 148-62 торы) айғыры мен 68-72 қазақы биеден тараған. Памир орта бойлы айғыр, оның дене өлшемдері: шоқтығының биіктігі 144 см, денесінің қиғаш ұзындығы 149 см, кеуде орамы 178 см, жіліншік орамы 19 см және тірілей салмағы 442 кг. Памир аталық ізі сүтті бағыттағы жылқылар, олардың бойлары орташа, сүт бөлу тамырлары жақсы дамыған, сүттілігі жоғары, желіні тостаған, үрпі конус тәріздес болып келеді.

Памир 127–78 зауыттық аталық ізі Парад 39–87, Паркет 53–88 балаларынан тараған 4 немере, 6 шөбере, 9 шөпшек арқылы дамуда. Аталық іздің 6 тармағы бар - Поток 103-02, Планер 57-01, Пломбир 23-02, Полжот 45-00, Трейлер 43-03 және Покров 65-03 айғырлары арқылы алынған ұрпақтарымен өсіріліп көбеюде.

Кестеде Памир аталық ізді айғырлардың орташа шоқтығының биіктігі (144,7 см), денесінің қиғаш ұзындығы (150,1 см) және кеуде орамы (181,6 см). Олар қазақтың жабы жылқылары стандартынан шоқтығының биіктігі бойынша 1,7 см-ге, денесінің қиғаш ұзындығы бойынша 2,1 см-ге, кеуде орамы бойынша 4,6 см-ге, жіліншік орамы бойынша 0,3 см-ге және тірілей салмағы бойынша 32,4 кг-ға артық. Памир аталық ізінің биелері сәйкесінше 1,3, 1,1; 2,7; 0,4 см және 22,6 кг. Бұл қатардағы аналықтар сүтті малдар, олардың орташа тәуліктік сүті 16,20 кг, 105 күндік сауын маусымындағы сүті 1701,0 кг болды. Олар қазақтың жабы типті жылқыларының стандартында көрсетілген сүт өнімділігінен 1,7 және 178,5 кг-ға асып түседі және жергілікті тұқымды жылқыларды бағалау жөніндегі нұсқаулықтың элиталық класының талаптарына сәйкес келеді.

Памир 127-78 аталық ізді ересек айғырлар және биелердің дене өлшемдері мен тірілей салмақтары

Көрсеткіштері	Айғырлар (n=8)		Биелер (n=50)	
	M ± m	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)	M ± m	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)
Шоқтығының биіктігі, см	144,7 ± 0,24	143	142,3 ± 0,21	141
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	150,1 ± 0,37	148	148,1 ± 0,42	147
Кеуде орамы, см	181,6 ± 0,34	177	178,7 ± 0,51	176
Жіліншік орамы, см	19,3 ± 0,07	19	18,4 ± 0,09	18
Тірілей салмағы, кг	462,4 ± 2,24	430	437,6 ± 2,38	415
Жұмырлылығы индексі, %	152,6	147,3	151,9	148,2



Памир 127–78 аталық ізінің 2,5 жасар еркек құнанының ұшасы, ұшаның салмағы 200 кг

Браслет аталық ізінің жалғастырушысы Бурав жирен айғыры
орташа дене бітімі: 146-153-187-20,0 см, тірілей салмағы 482 кг



**Задорный аталық ізінің жалғастырушысы Затон күрең айғыры,
Орташа дене бітімі:146–153–189–20 см, тірілей салмағы 495 кг**



Памир аталық ізінің жалғастырушысы Покров торы айғыры,
Орташа дене бітімі: 144–149–180–19 см, тірлей салмағы 458 кг



Зымыран 101-76 аталық ізі. 2015 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Ақтау ауылдық округіндегі «Сенім» асыл тұқымды жылқы шаруашылығында көптеген жылдар бойы жабы типті қазақ жылқыларына асылдандыру жұмыстарын жүргізу нәтижесіне байланысты, жыл бойы тебіндік жайылымда бағып, таза тұқымды мал өсіру арқылы жоғары өнімді Зымыран 101-76 аталық ізі шығарылды. Бұл шаруашылыққа 1972 жылы совхоз кезінде, Ақтөбе облысынан Беркут, Заур, Писатель аталық ізді айғырларынан алынған 2,5 жасар құнандар мен құнажын байталдар алып келіп қосылған. Қазір бұл шаруашылықтағы жылқы саны 3000 басқа жетіп отыр. Бұл шаруашылықтағы жабы типті айғырларының тірілей салмақтарының ауытқуы 460-530 кг, биелерінікі 430-475 кг. Қазіргі кезде Сенім шаруа қожалығындағы жылқы басының көбейіп кетуіне байланысты қосымша Оразәлі шаруа қожалығы ашылып селекциялық топ бөлініп алынып ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл аталық ізді айғырлардың шоқтығының биіктігі (146,1 см), денесінің қиғаш ұзындығы (152,9 см), яғни денесінің қиғаш ұзындығы шоқтық биіктігінен 6,8 см артық, кеуде орамы үлкен (186,7 см), жіліншік орамы (20,1 см), тірілей салмағы жоғары (481,5 кг) және жұмырлылығы (154,8), ал биелерінікі: 142,8-150,6-182,7 -18,8-457,3 кг және жұмырлылығы (157,1).

Зымыран 101-76 аталық ізді айғырлары мен биелерінің дене өлшемдері мен тірілей салмағы.

Көрсеткіштері	Айғырлар (n=9)		Биелер (n=53)	
	$M \pm m$	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)	$M \pm m$	I классты жабы жылқыларының стандарты (1988 ж.)
Шоқтығының биіктігі, см	146,1±0,36	143	142,8±0,43	140
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	152,9±0,47	148	150,6±0,55	146
Кеуде орамы, см	186,7±0,87	177	182,7±0,76	175
Жіліншік орамы, см	20,1±0,10	19	18,8±0,08	18
Тірілей салмағы, кг	481,5±4,49	430	457,3±5,70	410
Жұмырлылығы индексі, %	154,3	147,3	157,1	149,6

**Зымыран аталық ізінің жалғастырушы немересі Жеңіл атты айғыр,
орташа дене бітімі және тірілей салмағы 145-155-186-19,5-515 кг.**



Зымыран аталық ізінің жалғастырушы немересі Алтынкер торы айғыры, тірілей салмағы 492 кг



Шаруа қожалықтарындағы қазақ жылқысы жабы типтерінің орташа дене бітімдері мен тірілей салмақтары

Ш/Қ	жынысы	Мал саны	Дене бітімдері, см				Тірілей салмақтары, кг
			Шоқтығы -ның биіктігі	Дене тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы	
«Оразәлі»	Айғырлар	45	147,0	151,5	181,3	21,0	480,0
	биелер	700	142,5	147,6	179,3	19,0	437,5
«Қалқа»	Айғырлар	25	146,5	152,4	178,5	19,8	460,5
	биелер	250	141,5	146,8	176,5	18,4	420,5
Орташа жабы типі бойынша	Айғырлар	70	146,2	151,8	179,8	20,0	470,2
	биелер	950	141,9	147,5	178,0	18,5	429,0

Жабы типті жылқылардың дене бітімдерін тұқым стандартымен салыстырғандағы сипаттамасы

Көрсеткіштер	Айғыр			Бие		
	тұқым стандарты	айғырлар (n=70)	нәтижелер, +, -	тұқым стандарты	биелер (n=950)	нәтижелер, +, -
Шоқтығының биіктігі, см	143	146,2	+3,2	140	141,9	+ 1,9
Тұрқының қиғаш ұзындығы, см	148	151,8	+3,8	146	147,5	+1,5
Кеуде орамы, см	177	179,8	+2,8	175	178,0	+ 3,0
Жіліншік орамы, см	19,0	20,0	+1,0	18,0	18,5	+0,5
Тірілей салмағы, кг	440	470,2	+30,2	410	429,0	+19,0
Массивтік көрсеткіш, кг/м ³	147,3	151,4	+4,1	149,6	151,8	+ 2,2

Оразәлі Ф/Ш-ғы бастапқы Арда 17-00 аталық ізі және ұрпақтарының дене өлшемдері мен тірілей салмақтарының өзгеруі

Жалғастыру -шы	n	Дене бітімдері, см				Тірілей салмағы, кг
		Шоқтығын ың биіктігі, см	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	Орамы, см		
				кеуде	жіліншік	
Бастапқы	1	145,5	151,6	183	19,5	460,3
Ұлдары	4	145,5±0,017	151,6±0,014	182,7±0,042	19,5±0,065	462,0±0,10
Немерелері	4	145,8±0,01	151,8±0,014	184,2±0,017	19,6±0,06	468,2±0,19

Арда 17-00 аталық ізінің ересек айғырлары мен биелерінің дене өлшемдері мен тірілей салмағы

Көрсеткіштері	Өндіруші айғырлар (n=14)		биелер (n=50)	
	M ± m	стандарт I класс жабы жылқысы (1988 г.)	M ± m	стандарт I класса жабы жылқысы (1988 г.)
Шоқтығының биіктігі, см	145,5±0,40	143	143,4±0,56	140
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	151,6±0,48	148	149,8±0,69	146
Кеуде орамы, см	183,0±0,81	177	180,5±0,98	175
Жіліншік орамы, см	19,5±0,07	19	18,5±0,13	18
Тірілей салмағы, кг	460,3±5,40	430	445,1±6,22	410
Жұмырлылығы (массивность)	150,6	147,3	150,9	149,6

Арда 17-00 аталық іздің жалғастырушы немересі қара айғыр Мақпал
1-KZM4D01432 жабы типті жылқысы, тірілей салмағы-470 кг



Арда 17-00 аталық ізді жабы типті жылқылардың өндіруші айғырларының препотенттік көрсеткіштері

Айғыр лақапаты	Еркек балаларын ың саны	Еркек тайлардың жасы, айы						Классқа жататыны			
		6 айлық		18		30		элита		1	
		Тірілей салмағы, кг	Препотенттілігі	Тірілей салмағы, кг	Препотенттілігі	Тірілей салмағы, кг	Препотенттілігі	бас	%	бас	%
		M±m	Cv	M±m	Cv	M±m	Cv				
Арда 17-00 аталық ізі											
Акжебе 59-05	10	186,9±0,33	2,44	299,0±0,75	4,21	385,4±0,52	2,57	5	50	5	50
Асаукер 39-05	13	191,7±0,17	1,24	307,5±0,50	2,82	390,5±0,59	2,66	8	61,5	5	38,5
Арлан 69-06	12	185,5±0,27	2,00	295,0±0,71	4,05	378,0±0,65	3,25	5	41,6	7	58,4
Акжал 15-08	11	188,3±0,32	2,32	301,2±0,65	3,66	386,9±0,65	3,20	6	54,5	5	45,6

«Оразәлі» шаруа қожалығындағы Арда аталық ізінің баласы Ақжал
KZM4D1508 айғыры, орташа дене бітімі мен тірілей салмағы:
145,6-151,7-183-19,5-463кг



Көшім тұқымды жылқысы. 1976 жылы Орал мен Ақтөбе облыстарының шаруашылықтарындағы жергілікті қазақы биелерді желісті, таза қанды мініс және дон тұқымды айғырларымен күрделі зауыттық будандастыру арқылы етті-сүтті бағыттағы көшім тұқымы шығарылды. Көшім тұқымды жылқысы негізгі, етті, мінгі деп үш типке бөлінеді.

Негізгі тип. Негізгі типті жылқылар жыл бойы жайылымдықта күтіп бағуға бейімділіктімен, зауыттық тұқымдарды жақсартатын жылқыларға тән аса бағалы белгілермен, ірі өсуімен ерекшеленеді. Негізгі типтегі жылқылар ет пен сүт өнімділігі жақсы және мініске жарамды жануарлар ретінде сипатталады.

Массивті (емті) тип. Тығыз түріне ең кең денелі жануарлар жатады, олардың ет формалары жақсы анықталған, жылқылардың денесі кеңірек, созылған. Тығыз типтегі жылқылардың өсуі кезінде денесі ұзын, кеудесі терең және өте жоғары тірілей салмағы бар. Олар өте тығыз, өрескел конституцияға ие, ет формалары айқын, табын жағдайларына және дала мен шөлейт жерлердің күрт континенталды климатына жақсы бейімделген.

Міністі тип. Бұл типтегі жылқылар негізгі және массивті жануарларға қарағанда физикалық жағынан біршама жеңіл, ені мен ұзындығы аз дамыған. Олар бойынан таза қанды міністі және дон жылқысы белгілерін айқынырақ көрсетеді, табындық жағдайда өсіруге алдыңғы екеуіне қарағанда төмен. Міністі жылқыларға, жаппай ат спорты үшін, ұлттық ат ойындары үшін және мал жаю бағуға арналған жылқылар. Айғырлардың орташа тірілей салмағы 598 және одан да көп кг, биелер 510 және одан да көп кг құрайды. 2,5 жастағы жас жануарлардың айғырлары бойынша тірі салмағы 460 кг, бие бойынша 430 кг.

Көшім тұқымынан 5 зауыттық аталық ізі құрылды: Крепыш, Гром, Ласковий, Хитрец, Байкал олар өнімділік көрсеткіштері жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

Ласковий аталық ізі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде (Жануарлар тұқымы) тіркелген 24.06.2013.

Аталық іздің арғы тегі - 333.1938 ж.т., массивтік типті, өлшемдері 156-164-193-21 (см), Пятимар жылқы зауытына тиесілі Ласковий айғыры. Красногорскі жылқы зауытында (қазіргі «Серғазиев атындағы» және «Көшім») зауыттарында оның ұлы Медвед 29.1964 ж.т. айғыры пайдаланылды, одан 2 ұл: Мирный, 74, 1975 ж.т. және Медиатор, 51.1975 туылған., 2 немересі - Линор 19, 1995 және Лувр 37, 1998, 2 шөбересі - Линуар 51, 2002 және Лексус 55, 2002 жылы туған.

«Серғазиев» және «Сәбит» шаруа қожалықтарында аталық ізді малдар кең тараған. Ласковий аталық ізді жылқыларының негізгі түр-түсі жирен, күрең. Қазіргі уақытта Ласковий аталық ізінің көптеген ұрпақтары, еліміздің көптеген өңірлеріндегі Көшім жылқысымен айналысатын шаруашылықтарда пайдаланылуда. Ласковий аталық ізді айғырларының орташа дене өлшемдері: 161-165-204,3-22,7 (см), 600 кг құрайды, ал биелері: 155,3-157,7- 189,7-20,0 (см), 500 кг.

Бұл қатардағы аталық ізді малдардың айғырларының тірілей салмағы бойынша тұқым стандартының талаптарынан жоғары екендігін көрсетеді.

Хитрең аталық ізі. Патент иесі "Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты" ЖШС болып табылады (патент № 325). Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде (Жануарлар тұқымы) тіркелген 24.06.2013.

Ересек айғырлардың орташа тірілей салмағы 596 кг, биелері 511 кг болып, тұқымдық стандарт талаптарынан айғырлары 86кг, биелері 31кг артық. Жаңа аталық іздің стандарттық талаптары ретінде айғырлар мен биелердің тірілей салмақтарының ең төменгі көрсеткіштері мен өлшемдері негізге алынды.

Сонымен, айғырлардың генеалогиялық топтарына мынадай ең төменгі талаптар қойылды: шоқтығының биіктігі биіктігі -158 см, денесінің қиғаш ұзындығы -160 см, кеуде орамы -195 см, жіліншік орамы - 22 см, тірілей салмағы -590 кг; биелері үшін сәйкесінше – 154-157-185-19 см және 490 кг. Негізгі түр түстері: жирен, торы, қара. «Серғазиев», «Көшім» және «Сәбит» шаруа қожалықтарында аталық ізді малдар кең тараған.

*Көшім тұқымды айғыр массивті типті
Ласковий аталық ізі, 160-163-198-22 (см) – 610 кг*



*Көшім тұқымды Хитрең аталық ізінен тараған негізгі типті айғыр
Кулон орташа дене бітімі мен тірілей салмағы: 162-164-197-21,5 - 595 кг.*



*Крепыш аталық ізді айғырдың немересі жирен Қайратты массивті типті айғыр
(158-164-205-20,5 см и 615 кг)*



*Громның немересі– күрең айғыр ГАЖАИП 5, массивті типті айғыр
(160,0-169,0-213-20,5 см және 658 кг)*



Байкал аталық ізі. Патент иесі "Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты" ЖШС болып табылады (патент № 323). Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде (Жануарлар тұқымы) тіркелген 24.06.2013.

«Көшім», «Сәбит» шаруа қожалықтарында аталық ізді малдар кең тараған. Айғырларының орташа тірілей салмағы 600 кг, биелерінікі 498 кг. Жаңа аталық ізді айғырлар мен биелердің стандарттық талаптарына тірілей салмақтарының ең төменгі көрсеткіштері мен өлшемдері негізге алынды. Сонымен, генеалогиялық топтағы айғырларға мынадай ең төменгі талаптар қойылады: шоқтығының биіктігі -157 см, денесінің қиғаш ұзындығы -160 см, кеуде орамы -194 см, жіліншік орамы 22 см, тірілей салмақтары -580 кг; биелерінікі сәйкесінше – 155-158-185-19 см және 490 кг.

Көшім тұқымының жаңғалы зауыттық типі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде (Жануарлар тұқымы) тіркелген 18.01.2016.

Көшім жылқы тұқымынан жаңа жоғары өнімді Жаңғалы зауыттық типін шығару бойынша, Орал облысындағы «Көшім» ЖШС және «Серғазиев, «Сәбит» асыл тұқымды шаруа қожалықтарындағы қалыптастырылған Ласковский, Хитрец, Байкал зауыттық аталық іздерін негізге ала отырып 2016 жылы Жаңғалы зауыттық типі сынақтан өтіп қалыптастырылды. Жаңғалы зауыттық типі, таза асыл тұқымды көшім жылқыларын өсіру әдісімен құрылды. Бұл жағдайда ата-аналық жұптардың фенотипі мен генотипін ескере отырып, сұрыптау және жұптау жұмыстарына ерекше назар аударылды.

Жаңғалы зауыттық типті ересек биелерінің шоқтығының биіктігі - 154,6-155,6 см, денесінің қиғаш ұзындығы - 156,5-157,7 см, кеуде орамы - 184,6-189,7 см және тірілей салмағы 498,6-511,5 кг. Айғырларының тірілей салмағы 590,2-616,4 кг.

Жетекші шаруашылықтар. Республикада Көшім тұқымын өсіру бойынша негізгі репродукторлар Ақтөбе облысының «Көктас», «Мұғалжар-99», «Жан-Қанат-С», «ТС-АГРО», «Ақтөбе ШОС» және «Көшім», Орал облысынан «Серғазиев» шаруа қожалықтары болды.

Мұғалжар тұқымды жылқысы. 1998 жылы жабы типті қазақ жылқысын таза тұқымды мал өсіру әдісімен іріктеп жетілдіру нәтижесінде етті-сүтті бағытындағы мұғалжар жылқы тұқымы шығарылды. Асылдандыру жұмыстары Мұғалжар, Құланды жылқы зауыттары мен Бетпақдала тәжірибелік станциясының фермасында жүргізілді. Көптеген жылдар бойы жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесінде Мұғалжар тұқымынан (Ембі және Құланды) екі ішкі типі және (Сарыарқа және Қайыңды) екі зауыттық типті жылқыларының массивтері құрылды. Мұғалжар жылқы зауытының қазіргі кездегі айғырлары мен биелері, ата-тегіне қарағанда, жоғары көлемді еттілігімен және тірілей салмақтылығымен ерекшеленеді, айғырларының тірілей салмақтары -545кг, биелері-495кг. Мұндай нәтижелерге тұқым ішіндегі селекциялық ұтымды әдістерінің арқасында Беркут (1929), Заур (1929) және Писатель (1928) аталық іздерінен тараған жалғастырушылардың бойындағы шаруашылыққа пайдалы белгілерін сақтап және күшейту арқылы қол жеткізілді. Қазіргі кезде айғырларының тірілей салмағы – 580-600 кг-ға дейін, биелерінікі-540-560 кг. Мұғалжар тұқымы өзінің ірі денелігімен, жыл бойы тебіндік жайылымға бейімделгіштігімен, еттілігімен, сүттілігімен және құлындау көрсеткіштігінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Сойыс шығымы-60%, қазы майының қалыңдығы-50мм, биелерінің сүттілігі-1900 кг-ды құрайды. Құлындарының 6-7 айдағы салмақтары 200-220 кг. Қазіргі уақытта бұл Қазақстандағы ең көп тараған тұқым.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы Шолақ-Еспе жылқы зауытында 2009 жылы Мұғалжар тұқымы ішінен қожамберді ішкі типі шығарылды.

2010 жылы мұғалжар тұқымды құланды ішкі типінен екі зауыттық Арал және Құлан аталық іздері шығарылды.

Мұғалжар тұқымы ішіндегі Құланды ішкі типі. Құланды ішкі типінің генеалогиялық құрылымы бұрын апробацияланған Паток и Залив аталық іздері және Арал мен Құланды жаңа аталық іздерін шығару арқылы ұсынылған. Бұл типтегі жылқылар ет өнімділігінің жоғарылығымен және Арал өңірінің қатал климаттық жағдайында төзімділігімен ерекшеленеді. Құланды ішкі типті биелерінің Эмбі және Қайыңды зауыттық типті биелер арасындағы айтарлықтай айырмашылықтары- бойның биіктігі, денесінің ұзындығы, кеуде орамының үлкендігі, сүйегінің ірілігі, тірілей салмағының жоғарылығымен, ет формаларының жақсы дамуымен ерекшеленеді. Өндіруші айғырлардың орташа тірілей салмағы 495 кг, биелерінікі- 465 кг. Ал 2,5 жас аралығындағы еркек жас малдардың тірілей салмағы 380 кг, байталдарынікі- 360 кг-ды құрайды.

Арал 4-94 аталық ізі. Арал 4-94 аталық ізінің орташа дене өлшемдері мен тірілей салмағы- 147-154-185-20,5-495 кг болды. Биелерінің орташа тірілей салмағы 438 кг, айғырлары 486 кг құрайды. 6 айлық еркек және ұрғашы жабағылардың тірілей салмағы сәйкесінше 175 және 170 кг ; 12 айлық тайлардікі - 230 және 220 кг; 18 айлық 1,5 жасар еркек тайлар мен ұрғашы тайлардікі- 280 және 260 кг; 30 айлық құнандар мен құнажын байталдардікі- 365 және 340 кг. Биелердің сауын маусымының аяқталған кезіндегі сүт өнімділігі 1500-1600 кг сүтке тең, сүтінің майлылығы 1,0-1,2% құрайды. 6 айлық еркек жабағылардың сойылғандағы етінің салмағы 96 кг, 18 айында - 153 кг, 30 айында -198 кг. Арал 4-94 аталық ізді жылқыларының негізгі түр түстері торы және жирен болып келеді. Құлындау көрсекіштері 85-87% құрайды, 93% дейін сақталады. Аталық ізден тараған жылқылар денесінің ұзындығымен, көлемді кеудесімен, жоғары тірілей салмақтылығымен және Арал өңірінің жергілікті қатал табиғи жағдайларында төзімділігімен ерекшеленеді. Бұл аталық ізді жылқылардың тұяқтары мықты болып келеді, қиыршық тасты және тасты жайылымдарда еркін қозғалуға, қыста қарды теуіп жайылуға жақсы бейімделген.

Құлан 77-95 зауыттық аталық ізі. Құлан 77-95 аталық ізі 1995 жылы туған құла айғыр, құланды жылқы зауытында жыл бойы тебіндік жайылымда күтіп-бағу жағдайында өсірілген, әйгілі Залив136-65 айғырының тікелей шөбересі болып табылатын Құлагер 8-85 құла айғырынан туған. Құлан 77-95 зауыттық аталық ізі шөлді аймақ үшін өте жоғары сойыс шығымы өнімділігімен және тебіндік жайылымға бейімделуімен ерекшеленеді. Дала жылқыларына тән сыртқы пішіні осы аталық іздің өкілдеріне шөлді аймақта жақсы бейімделуге және тіршілік ету ортасының климаттық жағдайларына оңай төзуге мүмкіндік береді. Олардың бас сүйегіндегі жақ бөлігі жақсы дамыған, басы ауыр және өрескел болып келеді. Мойны орташа ұзындықта, кеудесі кең, шоқтығының биіктігі орташа, арқасы түзу. Құлан 77-95 аталық ізді айғырларының орташа дене өлшемдері: 145,7-152-180 -20,3 см және тірілей салмағы 479,4 кг. Құлан 77-95 аталық ізді биелерінікі 141,9-147,2-177,1-20,6 см, 431,2 кг. Шығарылған Құлан 77-95 аталық ізінің негізгі түр түсінің ерекшелігі- құла, жирен, ашық жирен сирек кездеседі. Биелердің құлындау көрсеткіші 87-90% құрайды, 95% дейін сақталады. Аталық ізден тараған еркек және ұрғашы жабағыларының 6 айлығындағы тірілей салмағы – 169 және 159 кг; 12 айлығында – 225 және 217 кг; 18 айлығында – 270 және 254 кг; 30 айлығында 354 және 335 кг екені анықталды. Құлан 77-95 аталық ізді биелерден сауын маусымы аяқталар кезіндегі өндірілген сүт өнімі 1400-1550 кг-ды және сүттің майлылығы 1,0 - 1,2% құрайды. 6 айлық еркек жабағылардың сойғандағы ұшасының салмағы -88,4 кг, 18 айлығында -147,1 кг, 30 айлығынд -187,9 кг құрайды. Негізгі репродукторлар мұғалжар тұқымындағы құланды ішкі типті жылқылары Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл ауылдық округіндегі "Құланды жылқы зауыты" ЖШС-де бағылып өсірілуде.

Қожамберді ішкі типі. 2008 жылдың желтоқсан айында сарыарқа зауыттық типінің өнімділігін жоғарлатып, мал басын көбейте келе қожамберді ішкі типі 2009 жылы апробациядан өтіп бекітілді. Қожамберді ішкі типі Қарағанды обылысы Шет ауданы «Шолақ-Еспе» шаруа қожалығында өсіріледі. Мұғалжар жылқысының бұл типті жануарлары жоғары ет өнімділігімен ерекшеленеді және Қазақстанның орталық аймағында жыл бойы тебіндік жайылымда күтіп-бағылып, табиғаттың қатал жағдайларына жақсы бейімделген. Мұғалжар тұқымы ішіндегі қожамберді типті жылқыларын шектеулі текті қорға жатқызуға болады, себебі бұл өңірге соңғы 40 жылдан астам уақытта, басқа да тұқым зауыттарынан бірде-бір бас жылқы әкелінбеген. Тұқым ішінде қожамберді ішкі типі негізінен, **Маунас** және **Мескер** аталық іздерінің жалғастырушысы болып, олардан жаңадан **Мейман**, **Мерген**, және **Сарыайғыр** аталық іздері қалыптасқан.

Қожамберді ішкі типті жылқылардың генетикалық бекітілген белгісі жоғары ет өнімділігі болып табылады (ұшаның салмағы 255 кг және сойыс шығымы 58,1%). Бұл Қожамберді ішкі типін, жалпы Мұғалжар тұқымын да одан әрі жетілдіру үшін үлкен құндылық болып табылады. Қазіргі уақытта осы типтегі жылқылар саны 2000 бас, оның ішінде 700 басы бие. Биелердің орташа тірілей салмағы 450 кг, ал айғырлары 503 кг, айғырлардың тірілей салмағы бойынша генетикалық ауытқуы 580 кг, ал биелері 540 кг. 2,5 жастағы еркек малдардың тірілей салмағы 400 кг, ұрғашылары 390 кг құрайды. Бұл типтегі жануарлар орталық және Солтүстік Қазақстанның жылқы өсіру аймақтарында, барлық көрсеткіштері бойынша үздік болып табылады. Мұндай типті жылқылар арқасының кең біртектілігімен, мойнына жинаған майлылығымен және дөңгелек пішінді жаялығымен сипатталып, сойыс шығымы 56-58%.

Мұғалжар тұқымды қозжамберді ішкі типті жылқылар «Шолақ-Еспе» ж/з



Мұғалжар жылқы тұқымының Қожамберді ішкі типіндегі Мейман 107-78 зауыттық аталық ізі. Мейман 107-78 зауыттық аталық ізі құрамында 49 бас бие мен 10 бас айғырмен апробациялауға ұсынылған. Дене бітімдері мен тірілей салмағы-148,0-162,0-185,0-21,0-500,0кг. Мейман аталық ізі Әкесі жағынан Мескер 98-62 аталық ізінен , ал анасы жағынан Маупас 9-55 аталық ізінен тараған. Мұғалжар тұқымнан бұрынырақ шығарылған бұл екі аталық іздер жаңа генеалогиялық Мейман 107-78 аталық ізін шығаруға негізін қалаушы болып табылды. Мейман аталық ізінің шежіресі бойынша Майбас 147-97 тараған оның балалары мен немерелері арқылы көптеген жалғастырушылары бар. Айғырларының орташа тірілей салмағы 540 кг (520-580 кг), биелері 500 кг (470-510 кг).

Қожамберді ішкі типті Мейман аталық ізінен тараған Майбас 147-97 торы айғыры, тірілей салмағы-580кг. «Шолак-Еспе» Ж/З



2015 жылы Мұғалжар жылқы тұқымының Қожамберді ішкі типінен Мерген 67-75 және Сарыайғыр 11-90 зауыттық аталық іздері шығарылды. (патенттер № 593,594).

Мергена 67-75 аталық ізі. Бұл айғыр атақты бұрынғы Мескер 98-62 аталық ізінің ұрпағы. Мергеннің анасынан мұра еткені бөшке тәріздес дене бітімі, ұзартылған және ауқымды дене орамы. Оның өлшемдері 144-162-194-20,5 см, тірілей салмағы 555 кг болды. Мерген айғырының дене өлшемдері 144-162-194-20,5 см, тірілей салмағы 555 кг. Мерген 67-75 аталық ізді жылқылары ұзартылған денесімен, тік мойынды бұлшық еттілігімен, тығыз Конституциялы үйлесімділігімен сипатталады. Қазіргі кезде бұл аталық іздің ұрпақтары Солтүстік Қазақстанда «Каратомар» ЖШС-де Бұйражал 5-05, Габа-83-07, Палуанторы-119-06, Таймас -9-05 и Баурсақ 13-09 айғырлары, Ақмола облысында 83-10, 145-10, 1-10, 7-07 айғырлары, Жамбыл облысы «Медет» шаруа қожалығында Мергенторы 51-09, Торсык 89-09 айғырлары және Қарағанды облысының көптеген шаруа қожалықтарында кеңінен пайдаланылуда.

Негізгі дене өлшемдері және салмағын өлшеп Мұғалжар тұқымының бекітілген стандартымен салыстыру арқылы, Мерген 67-75 аталық ізді жылқыларының тірілей салмағы мен дене бітімінің параметрлері анықталды.

Кестеде Мерген 67-75 аталық ізді жылқыларының айғырлары мен биелерінің өлшемдері мен тірі салмақтары

Көрсеткіштер	Айғырлар		Биелер	
	(n=8)	стандарт I класс	(n=41)	стандарт I класс
Шоқтық биіктігі, см	145,8±0,44	144	144,6±0,57	142
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	154,7±0,57	149	152,4±0,66	147
Кеуде орамы, см	189,8±0,48	180	185,7±0,59	176
Жіліншік орамы, см	19,7±0,11	19	18,73±0,13	18
Тірілей салмағы, кг	537,2±4,36	460	493,6±5,77	430
Жұмырлылық Индексі	175,0	157,5	164,5	150,3

Қожамберді ішкі типті Мейман аталық ізінен тараған Мерген II торы айғыры, тірілей салмағы-560кг. «Шолак-Еспе» Ж/З



Сары айғыр 11-90 аталық ізі. Сарыайғыр 11-90 аталық ізі дене бітімі мен ұрпақтарының сапасына қарай жақсы бағаланып, Шолақ-Еспе жылқы зауытында кеңінен қолданылуда. Бұл аталық із әкесі жағынан Маупас 9-55 айғырынан тараған, осы Маупас айғыры сияқты мінез құлқы жуас болғандықтан көбінесе сүтті бағыттағы биелерге пайдаланылады.

Сары айғыр айғырының өлшемдері 145-162-196-20,5 см, тірілей салмағы 540 кг.

Сары айғыр 11-90 аталық ізді жылқыларының денесі ұзындау, түсі жирен және күрең, мойны ұзын жуан, конституциясы мығым болып келеді. Сарыайғыр 11-90 аталық ізінің 3 баласы, 10 немересі, 20-дан астам шөберелері бар.

Қазіргі кезде бұл аталық іздің ұрпақтары Солтүстік Қазақстан облысы Тайыншы ауданындағы «Каратомар» ЖШС-де Ғажайып -57-06 айғыры пайдаланылуда, бұл айғырдың 6 жасындағы тірілей салмағы 614 кг және кеуде орамы 206 см. Ақмола және Қарағанды облыстарындағы көптеген жылқы шаруашылықтарының үйірлерінде, осы аталық ізден тараған 123-07, 151-05, 1-08, 107-07, 57-10 айғырлары өсіріліп бағылуда.

Кестеде Сары айғыр 11-90 аталық ізді жылқылары айғырларының және биелерінің дене өлшемдері мен тірілей салмақтары

Көрсеткіштер	Тұқымдық айғырлар			Биелер		
	n = 6			n = 49		
	M±m	5	C _v	M±m	5	C _v
Шоқтық биіктігі, см	149,8±0,24	0,79	0,54	146,4±0,21	1,79	1,26
Денесінің қиғаш ұзындығы, см	155,2±0,37	1,22	0,81	153,8±0,42	3,59	2,42
Кеуде орамы, см	193±0,34	1,12	0,62	183,8±0,51	4,35	2,43
Жіліншік орамы, см	20,5±0,07	0,25	1,29	20,3±0,09	0,77	4,18
Тірілей салмағы, кг	545,8±4,24	20,45	4,81	485,6±2,38	20,32	4,64
Тұлғалылық индексі	140,6			138,4		

Сарыайгыр 11-90



Ғажайып 57-06 аталық ізді айғырлар мен биелердің дене бітімдері мен тірілей салмақтары

Көрсеткіштері	Айғырлар		Биелер	
	(n=7)	стандарт I класс	(n=7)	стандарт I класс
Шоқтық биіктігі, см	145,1±0,40	143	144,1±0,40	140
Тұрқының қиғаш ұзындығы, см	153,0±0,38	149	152,0±0,38	146
Кеуде орамы, см	189,5±0,46	180	185,5±0,46	177
Жіліншік орамы, см	19,8±0,10	19,5	19,2±0,10	18,5
Тірілей салмақтары, кг	545,9±5,96	470	505,9±5,96	440
Тұлғалылық индекстері	178,8	160,7	162,5	160,3

*Сары айғыр аталық ізінен тараған Ғажайып 57-06 жирен айғыры,
тірілей салмағы 614кг, «Каратомар» ЖШС.*



Адай тұқымды жылқы. Таза тұқымды адай жылқысының тұрқы ұзындау, мойны қысқа, кеудесі шеңберлі, омыраулы, шомбал, арқасы түзу, сауыры салыңқы, қысқа майда жалды, көзі үлкен, етсіз келген басы жеңіл, маңдайы тегіс, танаулары кең, еріндері етті, тығыз, қозғалмалы үлбіреген қысқа құлақты, жуан жіліншікті, құйма тұяқты болып келеді. Адай жылқысы Маңғыстау өңірінің құрғақ, ыстық, қатал климатына бейімделгіштігімен және төзімділігімен ерекшеленеді. Көптеген адай жылқысының көк түсті болуы араб жылқыларға ұқсастығын, жүргектігі жағынан қарабайыр мен қазанатқа ұқсастығы және түркімен жылқысы-ақалтекенің белгілері бар екенін көрсетеді.

Мал шаруашылығы және мал азығы өндірісі ғылыми-зерттеу институтының академигі И.Н.Нечаев бастаған ғалымдар 2010 жылы Адай жылқысының өнімді бағытында қалыптасқан генеалогиялық құрылымына сүйене отырып: «Есполайжирен», «Есполайторы» және «Амандықторы» атты үш зауыттық аталық-іздерін апробациядан өткізген еді (патент №154, 157, 158). Патент иеленушісі "Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты" ЖШС (патент №158, 20.09.2010ж.).

Кестеде- Адай жылқысы етінің шығымдылығы

Жасы, ай	тірілей салмағы, кг	етінің салмағы		сүйегінің салмағы	
		кг	%	кг	%
8 (жабағы)	212	112	52,5	18	16
18 (тай)	270	153	56,6	28	18

Кестеде - Адай жылқысының ет өнімділігі, кг

Жасы	тірі салмағы	Ұшасы, кг	Іш майы	тілі	жүрегі	бауыры	қартасы	өкпесі	Барлық ет өнімі	Терісі, кг
Тай (12ай)	250	135	1,3	0,6	1,9	4,6	1,3	2,2	159	4
Құнан (24ай)	325	184	2	0,6	2,6	5,7	1,6	3	216	4,5
Дөнен (36 ай)	368	205	4	0,7	2,5	4,5	3,7	2	245	5

Кестеде- Адай жылқысы етінің морфологиялық құрамы
(қоңдылығы жоғары құнан, не байтал)

Ет мүшелері	еттің салмағы, кг	Еті		Сүйектері	
		кг	%	кг	%
1.Қазы	25,0	21,86	87,4	3,14	12,6
2.Жал	5,0	5,00	100,0	-	-
3.Жоны	11,6	8,80	75,9	4,80	24,1
4.Бөксесі	6,8	60,54	88,8	7,66	11,2
а) сүбе	8,4	6,86	-	1,54	-
б) сан ет	21,2	19,94	-	1,26	-
в) жамбас ет	24,0	20,36	-	3,64	-
г) жая	14,6	13,38	-	1,22	-
Жалпы I сорт ет	79,8	69,34	86,9	10,46	13,1
Жауырын-мойын еттері	61,4	48,36	78,8	13,4	21,2
а) мойын	7,2	5,46	-	1,74	-
б) жауырын	35,2	27,80	-	7,40	-
в) қолтық	19,0	15,10	-	3,90	-
Санның етегі	6,0	3,40	56,7	2,60	43,3
Жалпы II сорт	67,0	51,76	76,8	15,64	23,2
Ауыз омыртқа	2,6	1,52	-	1,08	-
Кәрі жілік	2,0	0,62	-	1,38	-
Асық жілік	3,4	1,46	-	1,94	-
Жалпы III сорт	8,0	3,60	45,0	4,40	55,0
Ұша бойынша	185,2	151,56	81,83	33,64	18,17

Кестеде- Адай жылқысының жасына қарай салмағының өзгеруі

Жасы	Еркек құлындар (31 бас)		Ұрғашы құлындар (45 бас)	
	Орташа салмағы, кг	қосқан салмағы, гр	Орташа салмағы, кг	қосқан салмағы, гр
3 ай	143,3	676	140,5	823
6 ай	182,3	433	180,9	449
12 ай	232,0	276	230,6	276
2 жас	270,7	106	268,5	104
3 жас	325,3	149	320,0	141

Кестеде-Маңғыстау облысының генофондты шаруашылықтарындағы міністі және өнімді типтегі Адай тұқымды жылқылар саны

№	Аты		Асыл тұқымды жылқы саны		
	шаруашылықтар	аудан	барлық мал басы	Оның ішінде	
				айғырлар	биелер
1	"Мұхит" ШҚ	Түпқараған	68	2	66
2	"Дархан" ШҚ	Жанаөзен	45	2	43
3	"Ардак" ШҚ	Бейнеу	35	3	32
4	"Алмас" ШҚ	Мұнайлы	33	4	29
5	"Ислам" ШҚ	Маңғыстау	27	3	24
6	"Қонай" ШҚ	Маңғыстау	15	4	11
7	"Шобық" ШҚ	Маңғыстау	14	1	13
8	"Сенек" ШҚ	Қарақия	10		10
9	"Нұрдаулет" ШҚ	Маңғыстау	7	1	6
Барлығы:			254	20	234

Кестеде-Адай тұқымының міністі және өнімді типті жылқыларының дене өлшемдері мен тірілей салмақтарының көрсеткіштері.

Негізгі дене өлшемдері мен тірілей салмақтары	Өндіруші айғырлар		Биелер	
	Тұқым ішіндегі тип		Тұқым ішіндегі тип	
	міністі (n=17)	өнімді (n=3)	міністі (n=145)	өнімді (n=89)
	M ± m	M ± m	M ± m	M ± m
Шоқтық биіктігі, см	144,8±0,56	145,0±1,00	141,2±0,22	141,8±0,35
Тұрқының қиғаш ұзындығы, см	147,1±0,58	152,0±2,31	143,9±0,22	147,8±0,37
Кеуде орамы, см	174,6±0,94	180,0±2,89	170,7±0,33	173,4±0,55
Жіліншік орамы, см	18,9±0,21	19,2±0,17	17,9±0,04	18,1±0,04
Тірілей салмақтары, кг	429,6±4,72	463,3±16,67	404,0±2,06	421,5±3,51

**Кестеде- Адай жылқыларының міністі және өнімді типтерінің дене бітімі
индекстерінің көрсеткіштері**

Дене бітімі индекстері, %	Өндіруші айғырлар		Биелер	
	Тұқым ішіндегі тип		Тұқым ішіндегі тип	
	міністі (n=17)	өнімді (n=3)	міністі (n=145)	өнімді (n=89)
Форматты	101,6	104,8	101,9	104,2
Кеуде орамы	120,6	124,1	120,9	122,3
Тығыздығы	141,3	151,9	144,3	147,9
сүйектілігі	13,1	13,2	12,7	12,8

Кестеде-Тұқым ішіндегі өнімді бағыттағы жылқылардың орташа форматтық индекс көрсеткіштері

№	Шаруа қожалықтарының атауы	Өнімді типтегі Адай жылқыларының саны				
		Барлық мал басы	Оның ішінде			
			айғырлар		биелер	
			басы	индекс, %	басы	индекс, %
1	"Мұхит"	57	1	104,1	56	104,2
2	"Дархан"	5			5	104,7
3	"Ислам"	4	1	106,8	3	104,2
4	"Алмас"	7	1	103,5	6	104,3
5	"Ардақ"	6			6	104,4
6	"Сенек"	8			8	104
7	"Қонай"	2			2	104,6
8	"Шобық"	2			2	103,7
9	"Нұрдаулет"	1			1	103,5
	Барлығы:	92	3	x	89	x

Адай жылқысына бонитировкалау жұмыстары



*«ҚМШжЖШӨҒЗИ» ЖШС-нің ғалымдары Адай жылқысына
бонитировкалау жұмыстарын жүргізу кезеңі*



AG

KZ